

## МӘСЛИХАТТАРДЫҢ ҚҰРАМЫН САНДЫҚ ЖӘНЕ САПАЛЫҚ ТАЛДАУ (ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫНЫҢ МЫСАЛЫНДА)

Елдос  
ЖҰМАҒҰЛОВ

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің докторанты, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан

Данәгул  
КӨПЕЖАНОВА\*

PhD, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің саясаттану кафедрасының доценті, Нұр-Сұлтан қ., Қазақстан, [kopezhanova\\_de@enu.kz](mailto:kopezhanova_de@enu.kz)

<https://doi.org/10.52123/1994-2370-2021-76-1-58>

ӨОЖ 334.021

06.56.51

**Аңдатпа.** Мәслихаттардың жергілікті халықтың өзін-өзі басқару органы ретінде алатын орны ерекше. Қазіргі кезде мәслихаттардың жұмысын жандандыру және олардың мәртебесін көтеру күн тәртібіндегі өзекті мәселе болып отыр. 2016 жылы сайланған облыстық, қалалық және аудандық мәслихаттар құрамы қандай, ол жергілікті тұрғындардың барлық топтарын қамти алды ма деген сұрақтарға жауап іздеу зерттеу жұмысының негізгі орындалу себебін түсіндіреді.

Мақаланың негізгі мақсаты - жергілікті өкілдік органдардың, соның ішінде Қарағанды облысындағы мәслихаттардың депутаттар құрамына талдау жасау. Алдыға қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін облыстық, бірқатар қалалық және аудандық мәслихаттар құрамына сандық және сапалық талдау жүргізілді. Зерттеу нәтижесінде байқағанымыз жергілікті мәслихаттарда сандық және сапалық құрамы бойынша жергілікті тұрғындардың барлық топтарының қатысуы біркелкі емес. Бұл қорытынды Қарағанды облыстарындағы әртүрлі деңгейдегі мәслихаттар құрамына талдау жасағанда анықталды. Басқа мәслихаттар құрамы өзгеше болуы мүмкін.

Болашақта бұл жұмыстың нәтижелері жергілікті өзін-өзі басқаруды дамыту бойынша бағдарламалар дайындауға, саясаттану, мемлекеттік басқару, саяси менеджмент және т.б. пәндер бойынша дәрістерге дайындық үшін қолданылуы мүмкін.

**Түйін сөздер:** жергілікті өзін-өзі басқару, жергілікті мемлекеттік басқару, жергілікті қоғамдастық, облыстық мәслихат, қалалық мәслихат, аудандық мәслихат, мәслихаттар құрамы.

**JEL кодтары:** R58, R38

**Abstract:** Maslikhats occupy a special place as a local self-government body. Currently, an urgent issue is to activate the work of maslikhats and increase their status. The main reason for the research was to find an answer to the question, what is the composition of the regional, city and district maslikhats, elected in 2016, whether it covered all layers of the local population.

The main purpose of this article is to analyze the Deputy composition of local representative bodies, including maslikhats of the Karaganda region. To achieve this goal, a quantitative and qualitative analysis of the composition of the regional, some city and district maslikhats was conducted. As a result of the study, we observe that the participation of all groups of the local population in the work of local maslikhats is uneven in terms of quantitative and qualitative composition. These conclusions were made when analyzing the composition of maslikhats at various levels of the Karaganda region. The composition of other maslikhats may differ.

In the future, the results of this work can be used for developing programs for the development of local self-government, preparing for lectures in the disciplines of political science, public administration, political management, etc.

**Keywords:** local self-government, local state administration, local community, regional maslikhat, city maslikhat, district maslikhat, composition of maslikhats.

**JEL codes:** R58, R38

**Аннотация:** Маслихаты занимают особое место в качестве органа местного самоуправления. В настоящее время актуальным вопросом является активизация работы маслихатов и повышение их статуса. Основную причину выполнения исследовательской работы стал поиск ответа на вопрос, каков состав областного, городского и районного маслихатов, избранный в 2016 году, охватил ли он все слои местного населения. Основная цель данной статьи - анализ депутатского состава местного представительных органов, в том числе маслихатов Карагандинской области. Для достижения поставленной цели проведен количественный и качественный анализ состава областного, некоторых городских и районных маслихатов. В результате исследования мы наблюдаем, что в работе местных маслихатов по количественному и качественному составу участие всех групп местного населения неравномерное. Эти выводы были сделаны при анализе состава маслихатов различных уровней Карагандинской области. Состав других маслихатов может отличаться.

\* Хат-хабарларға арналған автор: Д. Көпежанова, [kopezhanova\\_de@enu.kz](mailto:kopezhanova_de@enu.kz)

В будущем результаты этой работы могут быть использованы для разработки программ по развитию местного самоуправления, подготовки к лекциям по дисциплинам политология, государственное управление, политический менеджмент и др.

**Ключевые слова:** местное самоуправление, местное государственное управление, местное сообщество, областной маслихат, городской маслихат, районный маслихат, состав маслихатов.

**JEL коды:** R58, R38

**Кіріспе.** 2016 жылы 20 наурызда сайланған VI шақырылымдағы жергілікті мәслихаттардың жұмыс істегеніне 4 жылдан астам уақыт өтті. Бұл мәслихаттар мажоритарлық жүйе бойынша сайланған болатын. Қазіргі жұмыс істеп тұрған мәслихаттар жергілікті тұрғындардың барлық топтарын қамти алды ма, қай кәсіби топ өкілдері қатысады, әйелдердің және жастардың, азаматтық сектор өкілдерінің қатысуы деңгейі қандай деген сұрақтарға жауап іздеу мақсатында зерттеу жұмысы орындалды.

Проблеманы тұжырымдау. Жергілікті өзін-өзі басқару органы ретінде -мәслихаттардың құрылымына талдау жасау зерттеу жұмысының негізгі мақсаты болып табылады. Зерттеу мақсатына қол жеткізу үшін төмендегідей міндеттерді орындауға тырыстық:

- Қарағанды облысындағы барлық деңгейдегі мәслихаттардың сандық көрсеткіштерін талдау;

- облыстық, кейбір қалалық және аудандық мәслихаттардың депутаттарын жастық құрылымы бойынша салыстыру;

- аталған депутаттар құрамын гендерлік көрсеткіштер бойынша сипаттау;

- мәслихаттар құрамының сапалық құрамына, әртүрлі кәсіби топ өкілдерінің қатысу көрсеткіштерін зерттеу.

#### **Зерттеу жұмысының әдістемесі.**

Зерттеу әдістемесі облыстық, қалалық және аудандық мәслихаттардың ресми сайттарындағы деректерге сүйене отырып, жинақтау, сипаттау және салыстыру әдістеріне негізделді.

Сонымен бірге, Қазақстан Республикасының жергілікті мемлекеттік басқару және жергілікті өзін-өзі басқару, сайлау саласындағы заңнамалық және нормативтік-құқықтық құжаттар қолданылды.

**Нәтижелер.** 2001 жылы қабылданған "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" заңға сәйкес, мәслихат - облыстың, ауданның, қаланың халқы сайлайтын, халықтың еркін білдіретін және оны іске асыру үшін қажетті шараларды айқындайтын және олардың жүзеге асырылуын бақылайтын сайланбалы орган. Осы заңда тиісті мәслихат депутаттарының санын Қазақстан Республикасының Орталық сайлау комиссиясы мынадай шектерде: облыстық мәслихатта - елуге дейін; қалалық мәслихатта - отызға дейін; аудандық мәслихатта - жиырма беске дейін белгілейді деп анықталған (*Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» ҚР-ның Заңы 2001 жылғы 23 қаңтар N 148-II*).

Қарағанды облысындағы облыстық, қалалық және аудандық деңгейдегі мәслихаттардағы депутаттар саны заңнамаға сәйкес келетінін анықтадық. Бұл мәліметтерді қарастырғанда тиісті деңгейдегі мәслихаттардың ресми ақпараттық порталдарындағы деректерге сүйендік. Бұл мәліметтерді келесі суреттен көруге болады (сурет -1)

Мәслихат атауы	Депутаттар саны
Қарағанды облыстық мәслихаты	42
Қарағанды қалалық мәслихаты	27
Жезқазған қалалық мәслихаты	14
Теміртау қалалық мәслихаты	17
Балқаш қалалық мәслихаты	13
Саран қалалық мәслихаты	13
Шахтинск қалалық мәслихаты	13
Сатбаев қалалық мәслихаты	11
Қаражал қалалық мәслихаты	13


Приозерск қалалық мәслихаты	13
Бұқар жырау аудандық мәслихаты	12
Шет аудандық мәслихаты	14
Қарқаралы аудандық мәслихаты	14
Ақтоғай аудандық мәслихаты	12
Нұра аудандық мәслихаты	13
Осакаров аудандық мәслихаты	12
Ұлытау аудандық мәслихаты	11
Жаңаарқа аудандық мәслихаты	12
Абай аудандық мәслихаты	14

Сурет 1- Қарағанды облысындағы барлық деңгейдегі мәслихаттар құрамы

Мәслихаттар құрамын сандық және сапалық көрсеткіштер бойынша талдаған кезде барлық ақпарат қол жетімді болмағандықтан, облыстық деңгейдегі, тек бірқатар қалалық және аудандық мәслихаттар бойынша талдау жасауға мүмкіндік болды. Атап айтқанда, Қарағанды облыстық, Теміртау, Сәтбаев, Приозерск қалалық және Бұқар жырау, Қарқаралы, Ақтоғай аудандық мәслихаттары құрылымы бойынша мәліметтерге талдау жасадық. Бұл деректер аталған мәслихаттардың ресми сайттарынан алынған.

Жоғарыда көрсетілген мәслихаттар депутаттарын әртүрлі жас санаттары бойынша бөліп қарастырдық. Бірінші санат - 20-35 жас аралығында депутаттар, екінші 36-59 жас аралығындағы, үшінші 60 жастан жоғары санат.

Қарағанды облыстық мәслихатында барлығы 42 депутат сайланған. Төменде облыстық деңгейдегі мәслихаттың құрамында әр түрлі жас өкілдерінің қатысуы көрсетілген (сурет 2) (Қарағанды облыстық мәслихатының ресми сайты).




Сурет 2 - Қарағанды облыстық мәслихатында әр түрлі жас санаттарының көрініс беруі

Облыстық мәслихат құрамының басым көпшілігін негізінен 36-59 жас аралығында депутаттар құрайды олардың үлесі 70%. 60 жастан асқан депутаттар үлесі 30 %. 35 жасқа дейінгі жастар облыстық мәслихат құрамында қатыспайды.

Қарағанды, Сәтбаев және Приозерск қалалық мәслихаттарының


жастық құрылымын қарастыратын болсақ, бұл жерде 35 жасқа дейінгі депутаттар саны 2 адам болды. Көбінесе 25-59 жас пен 60 жастан асқан азаматтар құрайды (сурет 3), (Қарағанды қалалық мәслихатының ресми сайты, Сәтбаев қалалық мәслихатының ресми сайты, Приозерск қалалық мәслихатының ресми сайты).



Сурет 3 - Қарағанды, Сәтбаев және Приозерск қалалық мәслихаттарындағы әртүрлі жас санаттарының көрініс беруі

Аудандық деңгейдегі өкілді орган құрамын зерттеген кезде біз Ақтоғай, Бұқар жырау және Қарқаралы аудандық мәслихаттарын қарастырдық. Бұл деңгейде 35 жасқа дейінгі азаматтар алдыңғы деңгейлермен салыстырғанда сәл болсын көбірек қатысқан. Әрине бұл

деңгейде де 36-59 жас аралығындағы азаматтар қатары көпшілікті құрайды (сурет 4) (Ақтоғай аудандық мәслихатының ресми сайты, Бұқар жырау аудандық мәслихатының ресми сайты, Қарқаралы аудандық мәслихатның ақпараттық порталы).



Сурет 4 - Ақтоғай, Бұқар жырау және Қарқаралы аудандық мәслихаттарындағы әртүрлі жас санаттарының көрініс беруі

Біз сонымен бірге отырған мәслихаттар құрамына гендерлік көрсеткіштер бойынша талдау жасадық. (сурет 5, сурет 6 және сурет 7). Барлық

деңгейде ер адамдар үлесінің өте жоғары екенін байқауымызға болады. Облыстық мәслихаттағы 42 депутаттың 35-і ер адамдар (сурет 5).



Сурет 5 - Қарағанды облыстық мәслихаттың гендерлік құрамы

Қалалық деңгейдегі мәслихаттарда әйел депутаттар үлесі 25% болса, ер

адамдар үлесі тиісінше 75% (сурет 6).



Сурет 6 - Қарағанды, Сәтбаев және Приозерск қалалық мәслихаттарының гендерлік құрамы

Аудан деңгейіндегі мәслихаттар құрамының гендерлік бөлінісі төмендегідей: еркектер 84 %-ды құрайды

және облыстық және қалалық деңгейге қарағанда үлесі көбірек.



Сурет 7 - Ақтоғай, Бұқар-Жырау және Қарқаралы аудандық мәслихаттарының гендерлік құрамы

Жалпы осы аталған мәслихаттардың құрылымының талдауы жергілкті депутаттар корпусының басым көпшілігі ер адамдардан құралғанын атап өтуімізге болады.

Келесі талдау жергілікті өкілді орган депутаттардың сапалық құрылымына байланысты болды (сурет 8).

Мәслихат атауы	Жалпы депутаттар саны	Мемлекеттік сектор өкілдері	Жеке сектор өкілдері	Азаматтық сектор өкілдері
Қарағанды облыстық мәслихаты	42	17	21	5
Қарағанды қалалық мәслихаты	27	11	12	4
Сатбаев қалалық мәслихаты	11	4	4	3
Приозерск қалалық мәслихаты	11	7	3	1
Бұқар жырау аудандық мәслихаты	12	4	7	1
Қарқаралы аудандық мәслихаты	14	9	4	1
Ақтоғай аудандық мәслихаты	12	10	2	-

Сурет 8 - Мәслихаттардағы кәсіби топ өкілдерінің қатысуы

Сайланған мәслихат депутаттарын келесі кәсіби топтарға бөліп қарастыруға болады:

- *мемлекеттік сектор өкілдері* - бұл топқа мемлекеттік мекеме және мемлекеттік кәсіпорындар өкілдерін жатқызуға болады: білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет саласының қызметкерлері, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын кәсіпорын қызметкерлері - олардың саны 62 адам;

- *жеке сектор өкілдері* - осы санатқа жеке кәсіпкерлік субъектілерін,

шаруа қожалықтары, ауылшаруашылық құрылымдары, орта және ірі компания өкілдерін жатқыздық - 53 адам;

- *азаматтық сектор өкілдері* - бұл топты қоғамдық ұйымдар, үкіметтік емес ұйымдар және саяси партиялар аппаратының өкілдері құрайды. Олардың саны - 15 адам.

Мәслихаттардың сапалық құрылымындағы кәсіби топ өкілдерінің орналасуын келесі суреттен нақтырақ көруге болады (сурет 9).



Сурет 9 - Мәслихаттардағы кәсіби топ өкілдерінің қатысуы

### Зерттеу нәтижелерін талқылау.

Жергілікті өзін-өзі басқарудың институты ретінде өңірлердегі 6-шы шақырылымдағы мәслихаттардың конституциялық 5 жылдық өкілеттілігінің соңғы жылына аяқ басты. Қарағанды облысындағы әртүрлі деңгейдегі мәслихаттардың құрамына сандық және сапалық зерттеу барысында келесі тұжырымдарға жасауға мүмкіндік туды:

- жергілікті мемлекеттік басқару және жергілікті өзін-өзі басқару туралы заңнамаға Қарағанды облысындағы барлық деңгейдегі мәслихаттар құрамы сәйкес келеді;

- мәслихаттар және олардың құрамындағы депутаттар туралы олардың ақпараттық порталдарындағы ақпарат толық емес және жергілікті тұрғындардың өздері сайлаған депутаттармен кері байланыс орнату жүйесі бір жолға қойылмаған;

- Қарағанды облысындағы біз қарастырған мәслихаттардың құрамындағы 35 жасқа дейінгі жастардың үлесі 1%-ға да жетпейді. Қарағанды облыстық мәслихатындағы 35 жасқа дейінгі санат мүлдем қатыспайды және ол санаттағы тұрғындардың мүдделерінің жүзеге асуына кедергі болуы мүмкін;

- қарастырылған мәслихаттардың гендерлік құрамында әйел депутаттар үлесі 21 %-ды ғана құрайды;

- мәслихат құрамын сапалық көрсеткіштер бойынша талдаған кезде депутаттардың негізінен мемлекеттік сектор мен жеке сектор өкілдерінен

құралғанын көруімізге болады. Азаматтық қоғам өкілдерінің үлесі 12 %-ға ғана жетеді.

**Қорытынды.** Сонымен Қарағанды облысының әртүрлі деңгейдегі мәслихаттар құрамын сандық және сапалық зерттеулер нәтижесінен көргеніміз, 6-шы шақырылымда сайланған депутаттар құрамы жастық, гендерлік және кәсіби топтардың қатысуы біркелкі емес екенін байқаймыз. Ал алдымыздағы жылы болатын мәслихаттар сайлауы 2018 жылғы партиялық тізім ұсыну арқылы пропорционалдық жүйе бойынша өткізілетіні белгілі. Сонымен бірге, Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаев Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің екінші отырысында сайлауға ұсынылатын партиялық тізімде жастар мен әйелдердің қатысуының 30 %-дық міндетті квотасын енгізуді ұсынған болатын (Тоқаев, 2019). Осыған байланысты "Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы" Конституциялық заңына 2020 жылдың 25 мамырында енгізілген өзгерістерге сәйкес, сайлауда ұсынылатын партиялық тізімде әйелдер мен жиырма тоғыз жасқа толмаған адамдардың саны оған енгізілген адамдардың жалпы санының кемінде отыз пайызын құрауға тиіс («Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» ҚР-ның 1995 жылғы 28 қыркүйектегі N 2464 Конституциялық Заңы). Бұл өзгерістер аталған топтардың азаматтық белсенділігін арттыруға себепші болатыны анық.

### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» ҚР-ның 1995 жылғы 28 қыркүйектегі N 2464 Конституциялық Заңы. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z950002464> (қарастырылған мерзімі: 30.08.2020).
- «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы» ҚР-ның Заңы 2001 жылғы 23 қаңтар N 148-II. [http://adilet.zan.kz/kaz/archive/docs/Z010000148\\_/25.04.2001](http://adilet.zan.kz/kaz/archive/docs/Z010000148_/25.04.2001) (қарастырылған мерзімі: 20.05.2020).
- Ақтоғай аудандық мәслихатының ресми сайты. <https://maslihat-aktogay.gov.kz/kk/> (қарастырылған мерзімі: 21.05.2020).
- Бұқар жырау аудандық мәслихатының ресми сайты. [http://bgrmaslihat.gov.kz/kk/maslihat\\_2\\_1](http://bgrmaslihat.gov.kz/kk/maslihat_2_1) (қарастырылған мерзімі: 21.05.2020).
- Қарағанды қалалық мәслихатының ресми сайты. <http://kargormaslihat.gov.kz/kk/> (қарастырылған мерзімі: 20.05.2020).
- Қарағанды облыстық мәслихатының ресми сайты. <http://karoblmasslihat.gov.kz/kk/the-deputy-of-the> (қарастырылған мерзімі: 20.05.2020).
- Қарқаралы аудандық мәслихатның ақпараттық порталы. <http://karkaraly-maslikhat.kz/kk/depkorpus/> (қарастырылған мерзімі: 21.05.2020).



- Приозерск қалалық мәслихатының ресми сайты. <http://maslikhat-priozersk.gov.kz/> (қарастырған мерзімі: 20.05.2020).
- Сәтбаев қалалық мәслихатының ресми сайты. <http://maslihat.satpaev.gov.kz/index.php/kz/> (қарастырған мерзімі: 20.05.2020).
- Тоқаев, Қ. К. (2019). Мемлекет басшысы Қ.Тоқаевтың Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің екінші отырысында сөйлеген сөзі. [https://www.akorda.kz/kz/speeches/internal\\_political\\_affairs/in\\_speeches\\_and\\_addresses/memleket-basshysy-k-tokaevty-n-ulattyk-kogamdyk-senim-kenesinin-ekinshi-otyrysynda-soilegen-sozi](https://www.akorda.kz/kz/speeches/internal_political_affairs/in_speeches_and_addresses/memleket-basshysy-k-tokaevty-n-ulattyk-kogamdyk-senim-kenesinin-ekinshi-otyrysynda-soilegen-sozi) (қарастырған мерзімі: 23.09.2020).

## REFERENCES

- «Kazakstan Respyblikasyndagy sailay tyraly» KR-nyn 1995 jylgy 28 kyrkyiektegi N 2464 Konstitytsııalyk Zany [The Constitutional Law of the Republic of Kazakhstan dated September 28, 1995 N 2464 "On Elections in the Republic of Kazakhstan"]. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z950002464> (assessed: 30.05.2020). (In Kazakh).
- «Kazakhstan Respublikasınyn zhergilitki okildi zhane atkarushı organdarı turalı» KR-nın Zani 1993 zhılgı 10 zheltoksan N 4100 [On local representative and executive bodies of the Republic of Kazakhstan] Law of the Republic of Kazakhstan 10th December 1993. N 4100]. <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z930004100> (assessed: 20.05.2020) (In Kazakh).
- Aktogai aydandyk maslikhatynyn resmı saıty [Official site of Aktogay district maslikhat]. <https://maslihat-aktogay.gov.kz/kk/> (assessed: 21.05.2020). (In Kazakh).
- Bykar jyray maslihatynyn resmı saıty [Official site of Bykar jyray district maslikhat]. [http://bgmaslihat.gov.kz/kk/maslihat\\_2\\_1](http://bgmaslihat.gov.kz/kk/maslihat_2_1) (assessed: 21.05.2020). (In Kazakh).
- Karagandy kalalyk maslikhatynyn resmı saıty [Official site of Karaganda city maslikhat]. <http://kargormaslihat.gov.kz/kk/> (assessed: 20.05.2020). (In Kazakh).
- Karagandy oblystyr maslikhatynyn resmı saıty [The official site of the Karaganda regional maslikhat]. <http://karoblmaslihat.gov.kz/kk/the-deputy-of-the> (assessed: 20.05.2020). (In Kazakh).
- Karkaraly aydandyk maslikhatynyn akparattyk portaly [Information portal of Karkaralinsk district maslikhat]. <http://karkaraly-maslikhat.kz/kk/depkorpus/> (assessed: 21.05.2020). (In Kazakh).
- Priozersk kalalyk maslikhatynyn resmı saıty [Official site of Priozersk city maslikhat]. <http://maslikhat-priozersk.gov.kz/> (assessed: 20.05.2020). (In Kazakh).
- Satbaev kalalyk maslikhatynyn resmı saıty [Official site of Satpayev city maslikhat]. <http://maslihat.satpaev.gov.kz/index.php/kz/> (assessed: 20.05.2020). (In Kazakh).
- Tokayev, K. K. (2019). Memleket basshysy K.Toraevty-n Ulattyk kogamdyk senim keneginin ekinshi otyrysynda soilegen sozi [Speech of the Head of State K. Tokayev at the second meeting of the National Public Trust Council]. [https://www.akorda.kz/kz/speeches/internal\\_political\\_affairs/in\\_speeches\\_and\\_addresses/memleket-basshysy-k-tokaevty-n-ulattyk-kogamdyk-senim-kenesinin-ekinshi-otyrysynda-soilegen-sozi](https://www.akorda.kz/kz/speeches/internal_political_affairs/in_speeches_and_addresses/memleket-basshysy-k-tokaevty-n-ulattyk-kogamdyk-senim-kenesinin-ekinshi-otyrysynda-soilegen-sozi) (assessed: 23.05.2020). (In Kazakh).

## QUANTITATIVE AND QUALITATIVE ANALYSIS OF THE COMPOSITION OF MASLIKHATS (ON THE EXAMPLE OF THE KARAGANDA REGION)

**Eldos ZHUMAGULOV**, PhD, student at the Department of Political Science at the LN Gumilev Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan

**Danagul KOPEZHANOVA**, PhD, associate professor of LN Gumilev Eurasian National University, Department of Political Science, Nur-Sultan, Kazakhstan, [kopezhanova\\_de@enu.kz](mailto:kopezhanova_de@enu.kz)

(  
, PhD  
- ,  
- , PhD,  
- , [kopezhanova\\_de@enu.kz](mailto:kopezhanova_de@enu.kz)